

«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ  
ҮРДІСІН ДАМЫТУДА ОҚУҒА  
ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

---

«ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ БҮГІНГІ  
ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА,

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫ  
ҰСТАЗДАРДЫҢ ҚОЛЫНДА»

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

---

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ, ЗАМАН ТАЛАБЫ. БҮГІНГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ ЖАСАЛЫП, ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ ЕНУ БАСТЫ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛУДА. ОСЫҒАН ОРАЙ, ЖАС ҰРПАҚҚА ҚОҒАМ ТАЛАБЫНА САЙ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН МЕҢГЕРУІ- БАСТЫ ТАЛАП БОЛЫП ОТЫР.

СОНДЫҚТАН ДА БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН, ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУ, ҒЫЛЫМИ ҚӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ӨЗІН ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ СЕЗІНДІРУ БАСТЫ МАҚСАТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

---

ТАНЫМ - БҰЛ ӘРҚАШАН ЖАҒАНЫ ІЗДЕУ, ШЫНДЫҚҚА ЖЕТУ, АЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ – ЖАҒАНЫ САПАЛЫ ҚҰРУДАҒЫ ӘРЕКЕТ. ӘРБІР МҰҒАЛІМ ӨЗІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАҚСЫ ОҚЫҒАНЫН, МЕКТЕПКЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН, ЫНТАСЫМЕН КЕЛГЕНІН ҚАЛАЙДЫ. БІРАҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨБІ БІЛІМГЕ ҚЫЗЫҚПАЙДЫ, ОҚУҒА ӨЗ ЕРІКТЕРІМЕН НИЕТТЕНБЕЙДІ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛ ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТ? ЕГЕР ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМГЕ, ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ БОЛМАСА , ОНДА ОНЫҢ ЖАҚСЫ ОҚУЫ МҮМКІН ЕМЕС. СОНДЫҚТАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРЫП, ДАМЫТЫП ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ОТЫРУ ҚАЖЕТ.

---

ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ ТУУЫ БАЛАНЫҢ ДАМУ  
ДЕҢГЕЙІНЕ, ТӘЖІРИБЕСІНЕ, БІЛІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘНЕ  
БІР ЖАҒЫНАН ОҚУ МАТЕРИАЛЫН БЕРУ ТӘСІЛІНЕ  
БАЙЛАНЫСТЫ. СОНДЫҚТАН МҰҒАЛІМНІҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ  
МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН  
ДАМЫТУ ҮШІН САБАҚТА ӘР ТҮРЛІ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІ  
ПАЙДАЛАНУ. ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРҒА  
АНЫҚТАЛҒАН БІЛІМДІ ҒАНА БЕРІП ҚОЙМАЙ, ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ  
АЛУҒА, ӨЗІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА ЖЕТЕЛЕУ  
ҚАЖЕТ. МҰНДАЙ ПРОЦЕСТЕРДІ ДАМЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТЫ  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ – ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ  
БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ  
МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ БІРМЕЗГІЛДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ  
ДӘРЕЖЕДЕ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДЕТЕТІН БІРНеше  
НЕГІЗГІ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІН  
КӨРСЕТУГЕ БОЛАДЫ:

ОҚЫТУДЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ САБАҚТА ОЙЫН  
ФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ. 5-10 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН САБАҚ  
ҮСТІНДЕ ӘР ТҮРЛІ ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАНЫМДЫҚ  
ӘРЕКЕТТІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ИЕ БОЛАДЫ. ОҚУШЫЛАР ОЙНАЙ  
ОТЫРЫП, КҮРДЕЛІ ҰҒЫМДАРДЫ ИГЕРЕДІ ЖӘНЕ БЕКІТЕДІ,  
ДАҒДЫЛАРЫН ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. ДӘСТҮРЛІ  
САБАҚТА МҰҒАЛІМ ТӘРТІПТІ САҚТАУ ҮШІН ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
КӨҢІЛІН АУДАРУ ҮШІН КӨП КҮШ ЖҰМСАЙДЫ, АЛ ОЙЫН  
КЕЗЕҢІНДЕ ОҚУШЫЛАР ӨЗ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМЕН ҚАТЫСАДЫ.

ОЙЫННЫҢ САБАҚ БАРЫСЫНДА БАСТЫ МАҚСАТЫ – БІЛІМ БЕРУДІ  
ОЙЫНМЕН ҰШЫРАСТЫРУ. БАЛАНЫҢ ОЙЫНҒА БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ҚАТЫСУЫ  
ОНЫҢ ҰЖЫМДАҒЫ БАСҚА ДА ӘРЕКЕТТЕРІН АЙҚЫНДАЙДЫ. ОЙЫН БІР  
ҚАРАҒАНДА ҚАРАПАЙЫМ ҚҰБЫЛЫС НЕ ӘРЕКЕТ СИЯҚТЫ БОЛҒАНЫМЕН, ОЛ  
ҰЖЫМДЫҚ ӘРЕКЕТ. ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ НЕГЕ ҮЙРЕНЕДІ?

- ҚИСЫНДЫ ОЙ-ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТАДЫ;
- ӨЗДІГІНЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ҮЙРЕНЕДІ;
- СӨЗДІК ҚОРЫ БАИДЫ, ТІЛІ ДАМИДЫ;
- ЗЕЙІНІ ҚАЛЫПТАСАДЫ;
- БАЙҚАМПАЗДЫҒЫ АРТАДЫ;
- ӨЗАРА СЫЙЛАСТЫҚҚА ҮЙРЕТЕДІ;
- ОЙЫННЫҢ ЕРЕЖЕСІН БҰЗБАУ, ЯҒНИ ТӘРТІПТІЛІККЕ БАУЛИДЫ;
- БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН ОҚУШЫ СЕНІМІ АРТАДЫ, ДОСТЫҚҚА,  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА БАУЛИДЫ;
- САБАҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АРТАДЫ.

---

ОЙЫН – БАЛАЛАР ҮШІН КҮРДЕЛІ ӘРЕКЕТ ТЕ БОЛА АЛАДЫ. БАЛАЛАР БІЛІМДІ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАБЫЛДАП, ҮЛКЕНДЕРДЕН ҮЙРЕНЕДІ. СОНДЫҚТАН САБАҚТАҒЫ ОЙЫН ОҚУШЫ БІЛІМІН ТЫҢДАП, ОЙ-ӨРІСІН КЕҢЕЙТЕ АЛАДЫ, БІЛІМ АЛУДАҒЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АРТАДЫ. ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛА КӨПТЕГЕН МӘЛІМЕТТЕР АЛАДЫ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. БАЛАНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ, САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫНА САЙ ҰЖЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОЙЫНДАРДЫҢ БЕРЕРІ МОЛ.



---

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ МҮМКІН БОЛАТЫНЫНА ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫНДА КӨЗ ЖЕТКІЗДІМ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ, АНА ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БІР ТҮРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА АНА ТІЛІНЕН КЕЛЕСІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНАМЫН:

1. БАЛАЛАРҒА БЕЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТА ӘҢГІМЕ ОҚЫП, ОҚУШЫЛАРҒА БАСҚАША АЯҚТАУҒА КІЛТ БОЛАРЛЫҚ СЮЖЕТ ҰСЫНУ;
- 2.ӘҢГІМЕНІҢ, ЕРТЕГІНІҢ СЮЖЕТІН БАСТАП БЕРУ, АЯҚТАУДЫ ОҚУШЫҒА ТАПСЫРУ;
- 3.БЕЛГІЛІ МАҚАЛ НЕГІЗІНДЕ ӘҢГІМЕ ЖАЗУ;  
МӘТІН БОЙЫНША МАҚАЛ ҚҰРАСТЫРУ;
- 4.БЕРІЛГЕН МӘТІНДЕГІ БІР БӨЛІКТІ ӨЗІ ЖАЗЫП ШЫҒАРУ;
- 5.СӨЙЛЕМДЕГІ КЕЙБІР СӨЗДЕРДІ КӨРКЕМ СӨЗДЕРМЕН АУЫСТЫРУ;
- 6.БЕЛГІЛІ АҚЫН ЖАЗУШЫ ШЫҒАРМАСЫНА ЕЛІКТЕП ӨЛЕҢНЕН ӘҢГІМЕ ЖАЗУ;
- 7.ТІРЕК СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ МӘТІН ЖАЗУ;
- 8.«ЖАЗУШЫ (АҚЫН) ОРЫНДЫҒЫ» ОЙЫНЫ.

ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨБІ ӘНГІМЕЛЕУМЕН ШЕКТЕЛЕДІ, ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ ТӨМЕНДЕЙДІ, НӘТИЖЕСІНДЕ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАЙ БАСТАЙДЫ. БҰЛ ЖЕРДЕ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ ҮШІН САБАҚТЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ДЕ ТҮРЛЕНДІРІП ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗІП ӨТКІЗУ КЕРЕК. ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН МАЗМҰНДАУДА КЕЙБІР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫ ТӨМЕН БОЛҒАНДЫҚТАН ТІПТІ ӘНГІМЕЛЕЙ АЛМАЙДЫ ДА. БҰНДАЙ КЕЗДЕ ОҚУШЫНЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ДА ЖОҒАЛАДЫ. ӨЗ ТӘЖІРИБЕМДЕ БҰНДАЙ ЖАҒДАЙЛАР ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН. БАЛАНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ НЕМҚҰРАЙЛЫҚТЫ ЖОЮ, ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ, ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ҮШІН МЕН САБАҚТА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНЫП ТҰРАМЫН, МЫСАЛЫ: С.Т.О. ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ КУБИЗМ, ОЙ ҚОЗҒАУ ТАҒЫ ДА БАСҚА СТРАТЕГИЯЛАРЫ, ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНЫП ТҰРАМЫН, ОҚУШЫЛАР ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ПРЕЗЕНТАЦИЯ ТҮРІНДЕ ДАЙЫНДАП КЕЛЕДІ ЖӘНЕ ҚОРҒАЙДЫ, ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР, ТӘЖІРИБЕЛЕР ЖҮРГІЗІП ТҰРАДЫ.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА ІЗДЕНІП ДАЙЫНДАЛУ (МЫСАЛЫ БЕРІЛГЕН ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҚОСЫМША ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР ЖАЗЫП КЕЛУ, СӨЗЖҰМБАҚТАР, РЕБУСТЕР , ТЕСТ ҚҰРАСТЫРУ, СУРЕТ САЛУ, ЖҰМБАҚ ЖАСЫРУ, ҚОСЫМША МӘЛІМЕТ ДАЙЫНДАУ), ПРЕЗЕНТАЦИЯ ТҮРІНДЕ ҚОРҒАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІ, ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ АРТАДЫ, ТІЛДЕРІ ДАМИДЫ , МАЗМҰНЫҢ САНАЛЫ ТҮРДЕ МЕҢГЕРЕДІ, БІЛІМДЕРІ АРТАДЫ. БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫНА САЙ ПАЙДАЛАНЫП, ОСЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІНЕ СӘЙКЕС ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІН ҰСЫНУ ТИІМДІ БОЛАДЫ.

---

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТСІНУІН АНЫҚТАУ. ТЕСТ №1.

«5» - ИӘ.

«4» - КӨБІНЕСЕ.

«3» - КЕЙДЕ, СИРЕК.

«2» - БІЛМЕЙМІН

1)МЕН БІЛУГЕ ТЫРЫСАМЫН.

2)МЕН ӨЗ МҮМКІНДІГІМЕ, ҚАБІЛЕТІМЕ СЕНЕМІН.

3)ЖҰМЫСЫМ КӨП БОЛСА ДА ӨЗІМДІ ДАМУҒА КӨП УАҚЫТ АРНАЙМЫН.

4)ӨЗ ПІКІРІМДІ, КӨЗҚАРАСЫМДЫ ЖЕТКІЗУГЕ ТЫРЫСАМЫН.

5)ТАНЫМДЫҚ СҰРАҚТАР ТУЫНДАҒАНДА КЕҢІНЕН ОТЫРЫП ПІКІРЛЕСЕМІН.

6)САБАҚТА КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР КЕДЕРГІЛЕР МЕНІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІМДІ РЕТТЕЙДІ.

7)ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАР ТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІМПАЗДЫҒЫМДЫ АРТТЫРАДЫ.

8)ӨЗІМНІҢ ЖӘНЕ ДОСЫМНЫҢ ӘРЕКЕТІН САЛЫСТЫРАМЫН.

9)АҚЫЛ-ОЙ ЕҢБЕГІМЕН ҰЗАҚ УАҚЫТ АЙНАЛЫСА АЛАМЫН.

10)ӨЗ БІЛІМІМДІ, ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ӨМІРДЕ ПАЙДАЛАНАМЫН.

11)ӨЗІМНІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМА БАЙЛАНЫСТЫ ДОСТАР ІЗДЕЙМІН.

12)МЕН ТАНЫМДЫҚ ОЙ-ӨРІСІМДІ ДАМУҒА ОТЫРАМЫН ЖӘНЕ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕМІН.

13)ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚОРЫҚПАЙМЫН.

35 ҰПАЙДАН ЖОҒАРЫ. СІЗ


ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІҢІЗДІ БЕЛСЕНДІ  
ОРЫНДАЙСЫЗ.

28 – 34 ҰПАЙ. ӨЗІҢІЗДІ ДАМЫТУҒА  
ҚҰЛШЫНАДЫ.

9 – 27 ҰПАЙ. ӨЗІҢІЗДІ ДАМЫТУҒА  
ҚҰЛШЫНБАЙСЫЗ.

9-ДАН ТӨМЕН. ӨЗІН МҮЛДЕ  
ДАМЫТПАЙДЫ.

# ТЕСТТІ ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТСІНУІ



Қажеттіліктерін белсенді орындайды  
31%

Өзін дамытуға құлшынады 33 %

Өзін дамытуға құлшынбайды 25 %

Өзін мүлде дамытпайды 11%

**Танымдық қызығушылық оқушының жеке басының тұрақты қасиеті бола отырып, оның оқудағы белсенділігін, өздігімен дербес танымдық мақсатта қоя білуін анықтайды, оқушының білімі артады.**

**Қорыта келгенде, пәндерді оқыту процесі барысында мұғалім оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көбірек назар аударғаны жөн. Сабак шығармашылықпен ұйымдастырылса, онда оқушылардың білімі мұғалім түсіндіргенінен емес, өздерінің ізденісі және тапсырмаларды орындау әдістері арқылы қалыптасады.**



Әдебиеттік оқу I тоқсан – 72%, II тоқсан- 78%

Қазақ тілі I тоқсан- 65%, II тоқсан- 72%

Математика I тоқсан – 62%, II тоқсан – 65%

Оқушылардың сапасы көріп тұрғандай артты.

